



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР


2018 жылғы 10 тамыз

Жеке тұлғалардың депозиттерінің көлемі бұрын-соңды болмаған шегіне жетті

Депозиттер көлемінің өсуі жылдың басынан бері алғаш рет оң аймаққа өтті – жарты жылдағы өсу 1,9%-ды құрады. Мұндай өсу жылдың басынан бері 8,2%-ға (751,5 млрд. теңге) өскен ұлттық валютадағы депозиттердің өсуіне ықпал етті. Шетел валютасындағы депозиттер 7,4%-ға қайта бағалауды есептемегенде 4,9%-ға қысқарды. Валюта құрылымындағы мұндай өзгерістер долларланудың жалпы деңгейінің маусымның қорытындысы бойынша 44,5%-ға дейін төмендеуіне әкелді (1-график).

1-график


Депозиттердің долларлануы, %



Субъектілер бойынша жылдың басынан бері 3,2%-ға (263,8 млрд. теңге) өсіп жатқан халықтың салымдары өсу драйверлері болды. Халық депозиттерінің валюталық құрылымы валюталық салымдардың теңгемен салымдарға ауысуын ғана емес, теңгемен жаңадан ашылған депозиттердің ұлғаюын көрсетіп отыр. Мәселен, халықтың теңгемен депозиттерінің ағыны халықтың валюталық депозиттерінің нақты әкетілуінен асып кетеді, ал бірінші жартыжылдықта халықтан тартылған теңгемен ашылған депозиттер валютамен ашылғандардан 2 есе көп. Жеке тұлғалар депозиттерінің долларлануы маусымда 2014 жылғы ақпаннан бергі ең төмен 46,8%-дық мәнге жетті (2-график).

2-график

Жеке тұлғалар депозиттерінің кезең соңындағы серпіні және долларлануы




Жеке тұлғалар депозиттерінің көлемі депозиттердің жалпы көлемінің 47%-н құрай отырып, 8 384,8 млрд. теңге болатын тарихи ең жоғары мәнге жетті. Бұл халықтың банк жүйесіне деген сенімінің артқанын білдіреді. Бүгінгі күні депозиттер халық үшін кірістілігі жоғары, қаражаттың сақталуын қамтамасыз ететін тартымды құрал болып табылады.

Заңды тұлғалардың депозиттері де жылдың басынан бері 0,8%-ға ұлғая отырып, өсудің оң аймағын көрсетті (3-график). Бұл үрдіс шетел валютасындағы депозиттердің 2,5%-ға қысқаруы аясында ұлттық валютадағы депозиттердің 3,4%-ға өсуімен байланысты. Нәтижесінде валюталық депозиттердің үлесі 42,4%-ды құрады.


3-график

Заңды тұлғалар депозиттерінің кезең соңындағы серпіні және долларлануы



Теңгемен депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлеме 2017 жылғы желтоқсандағы 8,2%-дан төмендей отырып, маусымда 7,4%-ды құрады (4-график). Атап айтқанда, заңды тұлғалардың мерзімді депозиттері бойынша мөлшерлеме 8%-дан 7,1%-ға дейін, халықтың мерзімді депозиттері бойынша 11,7%-дан 11,2%-ға дейін төмендеді. Теңгемен салымдар бойынша мөлшерлемелердің төмендеуі базалық мөлшерлеменің 2017 жылдың соңындағы 10,25%-нан қазіргі 9%-ға дейін төмендеуі аясында орын алып отыр.

Теңгемен депозиттер бойынша кезең ішіндегі орташа алынған мөлшерлемелер



Маусымның қорытындысы бойынша депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі еркін айырбасталатын валютада 1,2%-ды (2017 жылғы желтоқсанда - 1,5%) құрады. Банкер халықтың еркін айырбасталатын валютамен мерзімді салымдарын 1,8% (2,1%) мөлшерлемесімен, заңды тұлғалардың салымдарын 0,9% (1,2%) мөлшерлемесімен тартты.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz